

2-ТАҚЫРЫП. МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Дәріс жоспары (2 сағат)

1 сабақ

1.Мемлекеттің сыртқыэкономикалық саясатының мазмұны.

2.Мемлекеттің экспортты-импорттық саясатының мазмұны мен мәні.

- **Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі - дүние жүзі елдері ұлттық шаруашылықтарының жиынтығы.**



- Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі, негізінен, 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында ірі машиналық индустрияның, көліктің және әлемдік рыноктың дамуы нәтижесінде қалыптасты.

- **Әлемдік экономика** – бұл ұлттық шаруашылықтар арасындағы байланысты жүзеге асыратын, халықаралық экономикалық қатынастар жүйесі.



Әлемдік экономикаға тән сипаттар:

1

- Тұрақтылық - бұл әлемдік экономикадағы барлық құрушылардың тұрақты қарым-қатынастарының болжамы

2

- Ортақ мақсаттың болуы

3

- Құрушы элементтердің көптігі.

4

- Құрылымдылығы

5

- Иерархиялық

- **Сыртқы сауда** – елдер арасындағы сауда.
- **Халықаралық сауда саясаты** - халықаралық сауда саласында жалпылама қабылданған саясат. Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСҰ) жүргізеді.
- **Сыртқы сауда саясаты** - мемлекеттің басқа елдермен сауда қатынасына бағытталған іс-әрекеті түсіндіріледі.

- **Сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаттары:**

1

- **осы елдің халықаралық еңбек бөлінісіне кіруінің дәрежесі мен әдісін өзгерту**

2

- **экспорт пен импорт көлемдерін өзгерту**

3

- **елді қажетті ресурстармен қамтамасыз ету (шикізат, энергия және т.б.)**

- **Сыртқы сауда саясатының негізгі екі бағыты бар:**

1

• **еркін сауда саясаты**


2

• **протекционизм**

- 1. Еркін сауда саясаты (Фритредерлік). Ішкі нарықтарды шетелдік капитал мен қызметтерге ашуды көздейтін және экспорт пен импортты шектемейтін іс-әрекет.



- 2.Протекционистік сауда саясаты (қорғаныштық). Ішкі нарықтарды шетелдік тауарлардан қорғауға бағытталған және импортты шектейтін әрекеттер.



- Сондай-ақ, сыртқы сауданың мемлекеттік реттеу бір жақты, екі жақты және көп жақты болуы мүмкін.



Қазақстанның сыртқы сауда саясаты мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретінде сыртқы секторды реттеуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды қарастырады.



Қазіргі уақытта, сыртқы сауда саясатында екі негізгі міндет айқындалып отыр:

1. Отандық тауарлардың бәсекелік қабілеттілігін көтеру және отандық өндірушілерді қорғау.

2. Тұтынушыларды қорғау және ұйымдастырылған сауданы дамыту үшін жағдайлар жасау.

- Қазақстан Республикасының Үкіметі сыртқы сауда саясатын жүргізу кезінде келесідей құралдарды қолданады:
- 1.Кедендік-тарифтік құралдар, бұл импорттық және экспорттық кеден баждарын қолдануға негізделеді.
- 2.Тарифтік емес құралдар, бұл антидемпингтік шаралар, қорғау шаралары

Қазақстан Республикасының
«Валюталық реттеу және
валюталық бақылау» Заңына
сәйкес экспорт дегеніміз –
резиденттің бейрезидентке
тауарларды сатуы, жұмыстарды
орындауы, қызмет көрсетуі.



Тауарлар мен қызметтер экспортының басты артықшылықтары

1. сату көлемінің ұлғаюу – ішкі сатудың сенімді өсумен қатар, экспорт сату нарығын ұлғайтудың бір түрі болып табылады.
2. кірістің өсуі – егер компанияның бекітілген шығындарды ішкі сатулар есебінен немесе басқа да қаржыландыруды жүзеге асыру арқылы жабу мүмкіндігі болса, экспортық операциялардан түскен пайда тез өсуі мүмкін.


- **3. ауқымда үнемдеу** – өндірістің толық қуатымен жұмыс істеуі қолдағы бар ресурстарды дұрыс пайдаланып, үлкенірек өткізу нарығына шығу кезінде ауқымда үнемдеуге мүмкіндік береді.
- **4. осалдықты төмендету** – нарықтардың алуан түрлілігі тауарлар мен қызметтердің жалғыз өткізу нарығына тәуелділігінен арылуға көмектеседі.

- **5. жаңа білім мен тәжірибе** – жаһандық нарықта өнімді өткізудің жаңа идеялары, амал-тәсілдері мол.
- **6. жаһандық бәсекелестік** – қазіргі компаниялар жаңа шетелдік нарықтарды игеруде. Бірегей халықаралық тәжірибе кәсіпорындарға әлем нарығында бәсекелесуге қабілетті болып қалуға мүмкіндік береді.



Экспорт


к предыдущему месяцу, прирост +, снижение -



I II III IV V VI VII VIII IX X XI
2014 2015

Импорт

к предыдущему месяцу, прирост +, снижение -



I II III IV V VI VII VIII IX X XI XII
2014 2015

- <http://lsm.kz/infografiki>